

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 қыркүйектегі № 858 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2010 - 2012 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы № 2162 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру е н г і з і л с і н :

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

04 «Білім беру» деген функционалдық топта:

225 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» деген әкімші

б о й ы н ш а :

005 «Білім және ғылым объектілерін салу және реконструкциялау» деген

б а ғ д а р л а м а д а :

«Астана қаласы» деген бөлімде:

«Астана қаласындағы дарынды балаларға арналған республикалық мектеп интернат» деген жолда «1 467 072» деген сандар «1 205 460» деген сандармен ауыстырылсын;

«Алматы қаласы» деген бөлімде:

«Қазақстан Республикасының орталық ғылыми кітапханасы» РМҚК ғимараттарының кешенін реконструкциялау» деген жолда «714 494» деген сандар «951 636» деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

Алматы қаласында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 450 орындық жатақханасын салу	24 470
---	--------

».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов